

**2022 жылғы маусым –тамыз айлары ішінде
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім
беру бөлімінің «Бесқарағай жалпы орта білім беру мектебі» КММ
күрделі жөндеуден өтті**

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде Республикалық бюджет қаражат есебінен ауылдарды дамытуға 181 млн. 438,0 мың теңге сомасына білім беру объектілерін күрделі жөндеу жобасы іске асырылды, оның ішінде:

Жалпы сметалық құны - 181 млн. 438,0 мың теңге.

Конкурс 26.11.2021 ж. «Град Строй Сервис» ЖШС (Шымкент) Бас жеткізушісі болып жарияланды.

Күрделі жөндеу жұмыстары 01.06.2022 жылы басталды. Ғимараттың жалпы көлемі- 2567 м², Құрылыс алаңы - 1404 м². Ғимараттың көлемі - 12 215 м³.

Қабаттар саны – 2.

Мектеп типтік, 1962 жылы салынған, мектептің жобалық қуаты 450 орын, контингенті - 62 оқушы (мектеп оқушылары-58, мектеп алды даярлық сыныбы-4, шағын орталық-25).

Күрделі жөндеудің мақсаты:

Ғимараттың пайдалану сипаттамаларын қалпына келтіру болды. Күрделі жөндеу эстетикалық жағдайды арттыру.

Жұмыстардың мынадай түрлері орындалды:

- Жылыту, электрмен жабдықтау, желдету, су құбыры, кәріз жүйесін жөндеу, оның ішінде септік.
- Терезе есік блоктарын, едендерді ауыстыру, «Армстронг» аспалы төбелерді орнату, үй-жайларды, оның ішінде қасбетті әрлеу.
- Өрт дабылы, бейнебақылау жүйесін монтаждау, қазандықты, жылу трассасын күрделі жөндеу.
- Мектеп аумағын және қазандықты, қоршауларды, кеспеағаш төсемдерін абаттандыру.



